

"Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 282 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 желтоқсанда № 3606 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 06 наурыздағы № 71 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының әкімдігінің 06.03.2015 № 71 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-бабы 2-тармағына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Бородулиха ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған "Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Г. Ақулов

Бородулиха ауданы
әкімдігінің 2014 жылғы
"27" қараша № 282
қаулысымен бекітілген

"Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы б о л ы п т а б ы л а д ы .

2 "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге с ә й к е с жүзеге а с ы р а д ы .

3. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар болады.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан т ү с е д і .

5. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамамен, сондай-ақ осы Ережемен белгіленген құзырет шегінде мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сай аудан әкімдігімен бекітіледі.

8. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы , Шығыс Қазақстан облысы, Бородулиха ауданы, Бірлік көшесі, 88, индекс 0 7 0 4 0 0 .

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік м е к е м е с і .

10. Осы Ереже "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: дене шынықтыру және спорт саласында функцияларды жүзеге асыру.

14. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері:

1) аудан аумағында бұқаралық спорт және ұлттық спорт түрлерінің дамуын қамтамасыз етеді;

2) бұқаралық, ұлттық спорт түрлерінен, мүгедектер спортынан ауданның құрама командаларының дайындығын және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының тестілерін орындау жөніндегі жұмысқа басшылық жасау және бақылау;

4) спорт инфрақұрылымын дамыту қызметін үйлестіру.

15. "Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары:

1) ауданда дене шынықтыру және спортты дамыту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

2) жеке адамдардың тұрғылықты жері бойынша және олардың көпшілік демалу орындарында спортпен шұғылдануы үшін инфрақұрылымды жасау бойынша шаралар қабылдау;

3) аккредиттелген жергілікті спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық спорттық жарыстарды өткізу;

- 4) спорт түрлері бойынша аудандық құрама командаларды даярлауды және олардың облыстық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз ету;
- 5) аудан аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз ету;
- 6) аудан аумағында аудандық дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- 7) спортшыларға: 2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын беру;
- 8) мынадай: біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру;
- 9) спорттық-бұқаралық іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнтізбесін іске асыру ;
- 10) аудан аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіру ;
- 11) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысанда және мерзімдерде облыстың жергілікті атқарушы органына ұсыну үшін аудан аумағында дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі ақпаратты жинауды, талдауды жүзеге асыру ;
- 12) аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша құрама командаларының тізімдерін қалыптастыру және бекіту;
- 13) ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 14) дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 15) аудан аумағында спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіру және олардың халыққа қолжетімді болуын қамтамасыз ету;
- 16) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
- 17) аудандық мамандандырылмаған балалар-жасөспірімдер спорттық мектептерінің қызметін қамтамасыз ету;
- 18) дене шынықтыру мен спортты насихаттауды жүргізу, денсаулықтарын сақтау және нығайту, аурулардың алдын алу, жұмысқа қабілеттілік пен белсенді ұзақ өмір сүрудің жоғары деңгейіне, сондай-ақ ізгілік мұраттары мен спорт құндылықтарына қол жеткізу үшін дене шынықтыру компоненттерін практикалық пайдалануда халықтың білім деңгейін арттыру;

19) мүгедектерге дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін спорт
гимараттарына баруға жағдай жасау, арнайы спорттық мүкамалды беруді
қ а м т а м а с ы з е т у ;

20) мекеменің құзыреті шегінде аудан әкімі және әкімдігінің нормативтік
құқықтық актілерінің жобаларын дайындау;

21) барлық мекемелерде құзыреті шегінде мәселелерді қарауда мемлекеттің
м ү д д е л е р і н ұ с ы н у ;

22) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан
Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

16. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру
және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құқықтары мен міндеттері:

1) бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын, бұқаралық, ұлттық
спорт түрлерін, мүгедектер спортын дамыту мәселелерін реттейтін
бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің, бағдарламалық-әдіскерлік
құжаттардың жобаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;

2) конференциялар, семинарлар және тағы басқа оқыту түрлерін
ұйымдастыру және өткізуге қатысу және бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру
ма м а н д а р ы м е н т ә ж і р и б е а л м а с у ;

3) дене шынықтыру және спорттың дамуы бойынша мәліметтерді талдау
және жоғарыда тұрған органдарға ұсыну;

4) дене шынықтыру және спортты дамытуға арналған бағдарламаларды,
ж о с п а р л а р д ы жүзеге асыру ;

5) мекеме әзірлеуші болып табылған әкімнің және әкімдіктің нормативтік
құқықтық актілерінің құқықтық мониторингін жүзеге асыру және оларға
өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп
тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау;

б) заңнамамен қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыру және басқа
м і н д е т т е р д і о р ы н д а у .

3. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру
және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Шығыс Қазақстан
облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның
функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге
а с ы р а д ы .

18. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) дара басшылық ұстанымымен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен анықталған өз құзіретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін өз бетімен шешеді;

2) белгіленген тәртіппен атқарушы органдардан мекеменің құзіретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажет материалдарды сұратады және алады;

3) мекеменің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі ұйымдардың өкілдерін тартумен бекітілген тәртіпте кеңестерді шақырады;

4) мекеме қызметкерлерінің өкілеттігін анықтайды;

5) мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, барлық ұйымдарда оның мүдделерін ұсынады;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) сапарлар, сынақтаманы, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін жоғарлатудың басқа да түрлері бойынша мекеменің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

9) банк есепшоттарын ашады;

10) мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

12) мекеме қызметкерлеріне мадақтау шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

14) заңнамамен көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

20. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында жекеше мүлкі болуы мүмкін.

"Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған меншік иесімен және өзге де көздер есебінен қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

21. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық м е н ш і к к е ж а т а д ы .

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгдей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта құру және қысқарту

23. "Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

*Дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы*

Бычковский А. М.